

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Көсембай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезек тыс қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы

01.06.2024 жыл

Қатысқандар саны: 11

Шақырылғандар: 5 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

Күн тәртібі:

1. Р.Б. Шілманов-қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырылып, «Көсембай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 02 мамырынан - 31 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Д.М.Елгондинаға берді.

Сөйлеуші:

Д.М.Елгондина өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2-тармақшаларына сәйкес «Көсембай негізгі мектебі» кезектен тыс өткізілген №5 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02-31 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланады. Мектеп педагогтары мен 4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық сыныбының тәрбиеленушілердің, шағын дамыту орталығының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 сынып оқушыларынан офлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін

бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді)


Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Дәрібаев Асқар Рзаұлы


Мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, 2023 жылы күрделі жөндеу жақсы жүргізілгендігі, модернизациямен 2 кабинет (физика, химия) , панел тақталар, интерактивті тақталар, магниттік тақталар, бастауыш сынып оқушыларына киім ілетін шкафтар, оқушыларға парталар және орындықтар келгендігін атап өтті


Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып


ШЕШІМ ЕТТІ:


1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «үлгілі» деп бағалансын.
2. «Көсембай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурстарында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің мектептің интернет-ресурсында жариялансын.


Кеңес төрағасы:  Р.Б.Шілманов


Хатшы:  М.Ж.Сисенов


Мүшелері:  А.Р.Дәрібаев


 Ж.М.Бисенова


 Ж.С.Айымова

 А.Жандосова

 Б.М.Сатыбалдин

 Т.Б.Тагаева

 Б.Қыдырғали

 Н.А.Қойбақов